ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 тамыз № 4360-23-00-2/1745 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Акмарал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Акмарал Турдыбековна Туремуратова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Акмарал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Акмарал Турдыбековна Туремуратоваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Акмарал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Акмарал Турдыбековна Туремуратова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Акмарал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Акмарал Турдыбековна Туремуратовадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «10» қазан 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 02.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2023, судья Әбілқайысқызы А., 11.10.2023